

# Ленин тууы

Шығуына  
26-шы жыл  
№ 224  
(6925)  
1944 жыл  
Сенбі  
11 ноябрь  
Жеке саны  
20 тыйын

ҚК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

## Ғылыми ағарту пропагандасы туралы

Октябрь революциясының жеңуінен екі жарым айдан кейін В. И. Ленин Кеңестердің Бүкіл Ресейлік III съезінде былай деді: «Бұрын адамзаттың бүкіл ақыл-ойы, оның данышпандығының бәрі тек біреулерге техниканың, ғылым мен мәдениеттің барлық игілігін беріп, басқаларды ең керекті—оқу біліммен өркендеуден кұр қалдыру үшін қызмет ететін. Енді техниканың не кереметінің бәрі, мәдениеттің табыстарының бәрі бүкіл халықтың игілігіне айналды...»

Лениннің осы күнілгері болжағаны жүзеге асырылды. Сталиннің данышпандығы, большевиктік партия елімізде өндіріс күштерінің мейлінше дамуын, мәдениеттің ғылымның, техниканың, көркем-өнердің бұған дейін болып көрмеген дәрежеде өркендеуін қамтамасыз етті. Кеңес мемлекеті толып жатқан жоғарғы мектептер, ғылым-зерттеу институттарын, тәжірибе станцияларын, мектептер, мәдениет үйлерін, клубтар ашты. Оқу-білімге еліміздің барлық азаматтарының қолы жетті.

Кеңес адамдары білім алуға өте ынталы. Халқымыздың арасында асқан творчестволық күштер, тамаша дарынды адамдар бар. Ғылыми-ағарту пропагандасы қоғамымыздың әрбір мүшесінің өзіне біткен қаблеттің бәрін толық жарыққа шығарып, бірімізге ортақ істің пайдасы үшін дамытуына көмектеседі. Ғылыми-ағарту пропагандасы қалың бұқараны біліммен қарулаудың, мәдениетсіздіктің, соқыр сенімнің, надандықтың әлі де сақталып келе жатқан қалдықтарын ойдағыдай жоюға көмектеседі.

Халық арасында ғылыми-ағарту пропагандасы күнбе-күн жүргізіліп отыру керек. Ал соңғы кезде партия ұйымдары, одақтас республикалардың оқу халық комиссариаттары салт-сана майданының бұл аса маңызды учаскесіне жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Оқу бөлімдері еңбекшілер қалың бұқарасы үшін табиғи-ғылыми тақырыпта лекциялар өткізбейді. Партия ұйымдары бұл жұмысқа мәдениет қызметкерлерін қатыстыру ісінде оқу халық комиссариаттарына жеткілікті көмек көрсетпейді. Оқу-ағарту жұмысына мұндай көзқарас, мәселен, Иваново облысында көрініп отыр. Бұл туралы жақын арада «Правда» да жазылды. Иваново—үлкен өнеркәсіп және мәдениет орталығы. Бірақ, ғылым, техника және мәдениет туралы көпшілікке арналған лекция тындағымыз келсе, біз оны іздесек те таба алмаймыз. Қазақстанда, Бурят—Монголияда және басқа бірсыпыра республикалар мен облыстарда да істің жайы осындай.

Қалың бұқараның мәдениетін арттыруға қамқор болатын басқа ұйымдардың да ел алдында борышы зор. Оның ішінде баспа орындары, неге екені белгісіз, көпшілікке түсінікті әдебиет шығаруды тоқтатты, ал журналдар табиғи-ғылыми мәселелер жөнінде мақалалар басуды азайтты. Көрнекті оқу құралдары, киносуреттер, табиғи-ғылыми тақырыптағы радио хабарлары өте хажет болып отырғандығы байқалады. Бірақ мұның бірі де жоқ. Мұндай халге төзіп отыруға болмайтыны айқын.

Ғылыми-ағарту пропагандасының жолға қойылуының негізінен жақсарту үшін не істеу керек? Ең алдымен оқу бөлімдерінің бұл жұмысты жете бағалауын жою керек. Ғылыми-ағарту пропагандасының ұйымдастыру-салт-сана жұмысының бұл маңызды учаскесі—әсіресе аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің және одақтас республикалардың коммунист партиялары Орталық Комитеттерінің күнбе-күн көмектесіп отыруын керек қылады.

Ғылымның жеке бір саласын жақсы білетін, лекциялар оқып алатын, әңгіме өткізе алатын адамдар әрбір қалада, аудан орталығында немесе әрбір поселкада бар. Бұлар ең алдымен оқытушылар, дәрігерлер, агрономдар, зоотехниктер және кеңес интеллигенциясының басқа өкілдері. Ғылыми-ағарту нәсихатын жүргізуге бұларды тегіс қатынастыру керек. Әсіресе ауыл-селолық аудандардың оқу бөлімдері бұл жұмысқа

ерекше қамқорлық көрсетуі керек. Олар ең алдымен қалың бұқараға арналған лекциялар, әңгімелер ұйымдастыруға міндетті.

Москва облысының Раменскі комсомолдарының тәжірибесін негізін тарту керек. Олар табиғи-ғылыми тақырыпта лекциялар өткізіп отырады. Мұндай лекцияларды табиғи дауға қалың бұқара өте құмар. Раменскі комсомолдары лекциялар оқуға тек жергілікті интеллигенцияны ғана емес, Москваның көрнекті білімпаздарын да қатыстырды. Білімпаздар «Жер жүзінде өмірдің пайдалануы туралы», «Орыс халқының ұлы физиологі И. П. Павловтың тапқан ғылыми жаңалықтары туралы», «Көк әлемінің тамаша құбылыстары туралы» лекциялар оқыды.

Ғылыми-ағарту пропагандасы қалың бұқараға арналған, көпшілікке түсінікті болу керек. Бұл жұмыста еңбекшілердің неғұрлым қалың топтарын толық қамтып отыру керек. Ағарту жұмысын әрбір оқу үйінде жақсы ұйымдастыруға болады. Мұндай мысалдар толып жатыр. Вологда облысының Марков оқу үйі колхозшылар арасында өте беделді. Жергілікті интеллигенция ағарту жұмысына белсеніп қатысуға: учаскелік агроном Ковалева агрономиялық үйірмені басқарады, зоотехник Гриванова зоотехника үйірмесін, дәрігерлік қызметкер Родионова тазалық үйірмесін басқарады, оқытушы Рогозина, оқу үйінің бастығы Шугаева бос уақытының бәрін колхозшыларға білім беру жұмысына пайдаланады. Бұл азана, бірақ жігерлі адамдар сұрақ-жауап кештерін өткізеді, зияқтама береді, қысқасынан айтқанда алуан-алуан табиғи ғылыми пропаганда жүргізіп отырады. Марков интеллигенциясының бұл жемісті жұмысы мәдениет және ғылым майданындағы барлық қызметкерлерімізге үлгі болсын. Ғылыми ағарту нәсихатының сыйпақты қандай болу керек? Ол ең алдымен табиғаттың құбылысын материалистік жолмен түсіндіріп, ғылымның, техниканың, мәдениеттің табыстары туралы мәлімет беріп отыратын болуы керек. Халық үшін, әсіресе ауыл деревня халқы үшін әлемнің құрылысы, күн мен жердің жаралуы, көк әлемінің негізгі құрылыстары, жер жүзіндегі өмірдің пайда болуы және дамуы, адамның жаралуы, адам денесінің құрылысы, өсімдіктердің, айуанаттың өмірі, аурудың себептері және ауруға қарсы күресу туралы, сол сыяқты егін және мал шаруашылығының ғылыми негіздері, егіннің және мал шаруашылығының өнімін арттыру шаралары және басқалары туралы кеңінен лекциялар, әңгімелер ұйымдастыру керек, түсінікті кітаптарды және мақалаларды дауыстап оқытып болу керек.

Лекциялар қонымды, түсінікті, мұнымен қатар қазіргі білім дәрежесіне сай келетін болуы керек. Лекцияда көрнекті құралдарды, плакаттарды, карталарды, экспонаттарды пайдалану керек, физика және химия тәжірибелерін жасап көрсету керек.

Егер комсомол ұйымдары мұрындық болып, екінің бірінде көрінген жерде жататын, бірақ қазіргі уақытта ауыл-деревнядағы социалистік мәдениет үйлері мен оқу үйлері үшін өте хажет болып отырған, көпшілікке ұғымды ғылыми кітаптарды жыйнауға кіріссе, өте жақсы болар еді.

Республикалардың оқу халық комиссариаттары да көпшілікке түсінікті ғылыми кітаптар шығаруға, көрнекті құралдар даярлатуға, ал Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы кинематография комитеті ғылым мен техниканың табыстары туралы толық және қысқаша фильмдер шығаруға міндетті.

Халық арасында ғылыми-ағарту мәселесін ұйымдастыру—зор және маңызды іс. «Бәріне де біліммен жетеміз, жеңіске де біліммен жетеміз»—деді Максим Горький. Еліміздің азаматтарының ғылыми білім алуына, қалың бұқараның оқу-білімге жетілуіне көмектесу—партия ұйымдарының борышы.

(«Правданың» басмақаласы).

## Кеңес Хабаршы бюросынан

### 8 НОЯБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

8 ноябрьде майданда айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. 7 ноябрьде әскерлеріміз жергілікті маңызы бар ұрыстар нәтижесінде немістердің 14 танкін қыйратты, жойды. Зенит зеңбіректерімен дұшпанның 6 самолеті атып түсірілді.

### 9 НОЯБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

9 ноябрьде ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында әскерлеріміз 500-ден аса елді жерлерді, оның ішінде МЕЗЕЧАТ, ИГРИЦИ, ГЕЛЕЙ, МЕОКЕРЕСТЕШ, СЕНТИШТВАН, ЭГЕР-ФАРМИ, МЕЗЕТАРКАНЬ, БЕШЕНЬЕ-ТЕВЕК, ПОРОСЛО, КЕМЛЕ, ТИССАНА, КИШ-КЕРЕ, БЕШЕНСЕНГ, РЕКАШ, ЦЕГЛЕДБЕРЦЕЛ, ИРША, АЛЬБЕРТИ үлкен қыстақтары мен МЕЗЕЧАТ, ПОРОСЛО, КИШ-КЕРЕ, ИРША, темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

8 ноябрьде әскерлеріміз жергілікті маңызы бар ұрыстар нәтижесінде немістердің 19 танкін қыйратты, жойды. Өзе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 18 самолеті атып түсірілді.

\*\*\*

Венгрияда Тисса және Дунай өзендерінің аралығында әскерлеріміз ұрыспен алға басты. Н. құрамасының бөлімдері Тисса өзенінен өтіп, оның батыс жақ жағалауындағы табан тірейтін шепті алды. Әскерлерімізді өзенге түсіру үшін тырысып, немістер бірінен соң бірі сегіз рет қарсы атака жасады. Совет жаяу әскерлері мен артиллерияшылары жаудың қарсы атакаларын тойтарып, 20 километр алға басты, сөйтіп Мезетаркань үлкен қыстағын алды. Екінші бір учаскеде әскерлеріміз Тисса өзенінен өтіп, ұрыспен алға басуда. Екі күнгі ұрыстарда әскерлеріміз төрттен үш бөлігінен айырылған венгрлердің 27-жаяу әскер полкі талқандалды. Әсіресе Цеглед қаласының солтүстік-батыс жағында қатты ұрыстар болды. Дұшпанның танктері мен жаяу әскерлерінің ірі тобы әскерлеріміздің тұсына өтуге әрекеттенді. Жаудың бұл арама ойы іске аспай қалды. Совет бөлімдері немістерге күшті қарсы соққы беріп, оларды кері қуып тастады. Ұрыс даласында дұшпанның 1000нан аса солдаты мен офицерінің өліктері қалды. Немістердің 15 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртенді, қыйратылды. 800 немістер мен венгрлер қолға түсірілді.

\*\*\*

Шығыс Пруссияда дұшпанның жаяу әскерлері түрлі учаскелерде шептерімізді барлауға тырысты. Совет жауынгерлері минометтер мен мылтық-пулеметтерден оқ жаудырып, гитлершілдерді тозғындатты, сөйтіп оларды орасан көп шығынға ұшыратты. Бір учаскеде бір топ барлаушыларымыз түнде немістер тұрған жерге тап берді. Батыр жауынгерлер дұшпанның атыс бекінісі мен екі блиндажын талқандады. Бұларда отырған немістер жойылды. Барлаушылар жаудан өлжа түсіріп, өз бөлімдеріне қайтып келді.

\*\*\*

Чехословакияда, Ужгород қаласының оңтүстік-батыс жағында дұшпанның жаяу әскерлері артиллерияның жәрдемімен шептерімізге атака жасауға әрекеттенді. Совет бөлімшелері гитлершілдерге қауырт қарсы атака жасап, оларды қашып кетуге мәжбүр етті. Жаудың 80 солдаты мен офицері жойылды. Дұшпанның 30 адам қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде артиллерияшыларымыз жаудың бірнеше атыс ұяларын талқандап, немістердің бір батальондай жаяу әскерлерін тозғындатты.

\*\*\*

Солтүстік флоттың кемелері немістердің сүңгуір қайығын суға батырды.

\*\*\*

Қызылтулы Балтық флоты авиациясының ұшқыштары дұшпанның тральщикіне шабуыл жасап, оны тұнғыйыққа батырды.

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасы мен бұйрығы Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының қызыл әскерлері, қызыл флотшылары, сержанттары, офицерлері мен генералдары арасында отаншылдық зор өрлеу туғызды.

Тылдағы және майдан шебіндегі гарнизондарда, сол сыяқты майданның көптеген учаскелерінде жаппай жыйылыстар, митингілер мен мәслихаттар болды.

3-Белорус майданында, Н. гвардия бөлімінің митингісінде майор Завьялов мынадай сөз сөйледі: «1941 жылы, —дейді ол,—біз 7 ноябрьді Серпухов ауданында қарғы алдық. Жау ол кезде Отанымыздың астанасы—Москваға хауіп төндіріп тұрған болатын. Гитлершілдерді жерімізден қуып шығардық, сөйтіп қазір Ұлы Октябрь Революциясының 27 жылдығын неміс жерінде мерекелеп отырмыз. Қызыл Армия мен одақтастарымыздың армиялары гитлер Германиясына шешуші соққы беру үшін қолайлы шепте тұр. Келесі ұрыстарда біз бұрынғыдан да табандылық, ерлікпен шайқасатын боламыз. Жауынгерлер мен офицерлердің тілегін білдіре отырып, мен біздің гвардияшылар өздерінің Отан алдындағы борышын аброймен және мүлтіксіз орындап шығай деп сенім білдіремін».

Прибалтық майданында, митингіде сөз сөйлеген қызыл әскер Абдулла Азнабаев былай деді: «Сталин жолдастың данышпандық сөздерін естігенде, өзіңе жаңа күш-қайрат қосылғандығын сезесің. Қызыл Армия қазірдің өзінде отанымыздың жерінен немістерді әлде қайда алыс жерге талқандауда. Біздің майданның әскерлері неміс дивизияларын Тукумс пен Либава арасында жоюды аяқтауда. Гитлершілдерді жойып, Советтік Прибалтықтан олардың тірі кетуіне мүмкіншілік бермейміз деп біз сүйікті көсеміміз Сталин жолдасқа сенім береміз».

1-Украин майданында, Н. бөлімінің митингісінде сержант Комаров сөз сөйледі. Ол былай еді: «Жоғарғы Бас қолбасшымыз Сталин жолдастың басшылығымен Қызыл Армия совет жерін неміс басқыншылардан азат етті. Кеменгер көсеміміз және қолбасшымыздың басшылығымен біз Германияға тіке шабуыл жасаймыз, сөйтіп жауды оның өз жерінде жоюды аяқтамыз». Сталин жолдастың баяндамасын радио арқылы тыңдағаннан кейін, Н. бөлімінің мергендері Прокопчук, Гримчук, Гевак, Растигенов жолдастар атыс бекіністеріне барып, бір түнде 19 гитлершілді жойды. Барлаушы Мангурино жолдас 7 ноябрьге қараған түнде неміс пулеметшісін оның қару-жарағымен қоса қолға түсірді.

Н. бөлімінің жауынгерлері мен офицерлері (4-Украин майданы) Чехословакияда кішкене тау асуының етегінде митингі өткізді. Старшина Ковальчук бірінші болып сөз сөйледі. «Өткен жылы, —дейді ол.—Қызыл Армия гитлершілдерге қыйрата соққы берді. Совет әскерлері Кишинев-Яссы ауданында немістердің 22 дивизиясын қоршап алған кезде бөліміміздің жауынгерлері неміс басқыншыларды талқандап, соққыға жықты. Батальонымыз Карпат жотасынан өтті. Взводымыздың жауынгерлері 150 немісті қырып салып, жаудың 200 солдатын қолға түсірді. Сталин жолдастың бұйрығымен жігерленген біздер, жеке-біреуіміз жауға қайтып есін жыя алмастай қатты соққы бердік».

## КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов жолдас Октябрь мерекесі хұрметіне дипломатиялық корпусстың қызметкерлерін қабылдады

7 ноябрьде КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының XXVII жылдығы хұрметіне дипломатиялық корпусстың қызметкерлерін қабылдады. Қабылдауда Норвегия Сыртқы Істер Министрі Т. Еймұрза, шетел елшіліктері мен миссияларының басшылары мен дипломатиялық жауапты қызметкерлері, соғыс, соғыс-теңіз және авиация атташелері мен олардың көмекшілері, соғыс миссияларының бастықтары мен мүшелері болды.

Қабылдауда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателінің Бірінші Орынбасары Н. М. Шверник, А. И. Микоян, А. С. Щербак, А. Н. Қосыгин, КСРО Халық Комиссары флот адмиралы А. Г. Кузнецов, А. Н. Шахурин, В. А. Малышев, Б. Л. Ваников, Д. Ф. Устинов, А. Г. Первухин, А. Г. Зверев, К. Я. Сергеев, С. А. Акопов, А. И. Ефимов, В. В. Вахрушев, С. З. Гинзбург және басқалар, КСРО про-

куроры К. П. Горшенин, КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының орынбасарлары В. Г. Деканозов, С. А. Лозовский, М. М. Литвинов, И. М. Майский, Украин КСР Сыртқы Істер Халық Комиссары Д. З. Мануильский, Артиллерия Бас маршалы Н. Н. Воронов, Авиация Бас маршалы А. А. Новиков, Бронетанк әскерлерінің маршалы Я. Н. Федоренко, Авиация маршалы Ф. А. Астахов, авиация маршалы С. Ф. Жаворонков, Инженерлік әскерлердің маршалы М. П. Воробьев, адмирал Л. М. Галлер, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының секретарі А. Ф. Горкин, КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Сыртқы Сауда Халық Комиссариатының, Отан Қорғау Халық Комиссариатының, Соғыс-Теңіз Флоты Халық Комиссариатының жауапты қызметкерлері, сол сыяқты оқымыстылар, жазушылар, артистер, ~~және басқалар~~ болды.

## КЕМЕҢГЕР КӨСЕМІМІЗДІҢ БАЯНДАМАСЫ ЖАҢА ЕРЛІК ІСТЕРГЕ ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ

### КӨСЕМНІҢ СӨЗІНЕ ЖАУАП

Петропавлдағы нан комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері митингіге жыйналды. Митингіде комбинат директоры М. Евраев жолдас газеттен Сталин жолдасының 27 жылдығы туралы баяндамасын оқыды. Жұмысшылар кемеңгер қолбасшымыздың данышпандық сөзін зор назар аударатындады. Сүйікті көсеміміздің әрбір сөзі жұмысшылардың жігерін арттыратындады. Баяндама оқылғаннан кейін жұмысшылар сөз алып сөйлей бастады. Стахановшы жұмысшы Чуркина жолдас сөз сөйледі.

— Мен, — деді ол, — комсомол-жастар бригадасын басқарамын. Мен басқарған бригада октябрь алдындағы социалистік жарыста жұмыс мөлшерін 158 процент орындады. Сөйтіп, жарыста озып шықты.

Кемеңгер қолбасшымыздың сөзі бізді майдандағыша жұмыс істеуге жігерлендіреді. Біз бұрынғыдан да күшті және берік жұмыс істеп, батыр Қызыл Армияға көмекті еселеп күшейте түсеміз.

Митингіде сөз сөйлеген стахановшы жұмысшылар Исаева, Дремова жолдастар жұмыс тапсырмасын әрдайым 200 процент орындауға және өнімді сапалы өндіруге міндеттенді.

Комбинат коллективі Сталиндік Конституция күніне дейін 160 мың сомның өнімін өндіріп, кемеңгер көсеміміздің баяндамасына өндірістік зор табыстарға жетумен жауап бермек.

И. УӘЙІСОВ.

### Колхозшылардың серті

Октябрь ауданындағы «Өрнек» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары мен колхозшы әйелдері кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасының Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдық мерекесі туралы баяндамасын оқығаннан кейін жұмыста белсенділіктерін арттыра түсіп, көсеміміздің данышпандық сөзіне қажірлі еңбекпен жауап беруде.

Колхозшылар октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыста Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 300 пұт астық тапсыруға міндеттенген еді. Қазірде олар жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыруда.

Колхозшылар бірауыздан мынаны мәлімдейді:

— Данышпан қолбасшымыз Сталин жолдас бізді еңбек майданында жан аямай еңбек істеуге, сөйтіп, батыр Қызыл Армияны не керектің бәрімен қамтамасыз етуге шақырды. Барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай аяқтап шығуға серт береміз.

Т. КӘКІМОВ.

### 120 МЫҢ СОМНЫҢ БҰЙЫМЫН ӨНДІРМЕК

Петропавлдағы Қазақстанның 20 жылдығы атындағы өндірістік артелінде Мемлекеттік Қорғау Комитетінің председателі Сталин жолдасының Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасына арналған митингі отанышылдық зор өрлеумен өтті.

Артель коллективі сүйікті көсеміміздің баяндамасына жауап ретінде 25 ноябрьге дейін жылдық өндірістік програманы артығымен орындауға және жоспардан тыс 20 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндіруге міндеттенді.

Ә. НҰРМАҒАНБЕТОВА.

## Вышинский жолдас Бухарестке келді

БУХАРЕСТ, 8 ноябрь. (ТАСС). Румыния мен уақытша бітім туралы Келісімнің орындалуын тексеру үшін, бүгін, 8 ноябрьде, КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының Орынбасары А. Я. Вышинский Бухарестке келді.

## Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 8 ноябрь. (ТАСС). Одақтастардың Батыс Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованнесі штабының хабарында былай делінген:

Виллемстадты (Голландияда) азат еткен одақтастар әскерлері дүшпан талқандап кеткен Умурдейка көпірлерінің оңтүстік және шығыс жағындағы аудандардан басқа жерлерде Голландияның, Дипанын, Маас өзенінің бүкіл оңжақ жағалауын қазірде өз қолдарында ұстап тұр. Умурдейка көпірлерінің оңтүстік және шығыс жағындағы аудандарда жаудың шағын топтары қарсылық көрсетуде.

Вальхерен аралында Домбургтың солтүстік-шығыс жағында ұрыстар болып жатыр. Шмидтың батыс жағында одақтастардың әскер бөлімдері өз шептерін жақсартып, дүшпанның қарсылық көрсету торабын жоюда.

Жерармердің батыс жағында қатты ұрыстардан кейін дүшпанның күшті қарсы атакы тойтарылды.

Одақтастар авиациясы Голландия мен Германиядағы жаудың соғыс орындарына әлде неше рет күшті шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 9 ноябрь. (ТАСС). Одақтастардың Батыс Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованнесі штабының хабарында былай делінген:

Вальхерен аралында одақтастар әскерлері Фрауенпольдерді азат етті. Аралда дүшпанның тек бірнеше ғана қарсылық көрсету жүйесі қалды. Бұларды жою ісі жүргізіліп жатыр.

Бомбашы истребительдер жаудың қатынас жолдарының маңызды торабы—Гельзенкирхенге шабуыл жасады. Мұнда көп жерде өрт болғандығы байқалды.

Гюртген орманы төңірегінде одақтастар әскерлері дүшпанның қатты қарсылығына отырып, дүшпанның қатты қарсылығына қарамастан, Фоссенактың оңтүстік жағында баяу алға басты.

## АҚШта президент сайлауының барысы

НЬЮ-ЙОРК, 9 ноябрь. (ТАСС). Бүгін Москва уақытымен 17 сағатта алынған, анықталған мәліметтер бойынша, президент сайлауында дауыс берудің нәтижелері Москва уақытымен 16 сағат 30 минутке дейін мынадай болды: Рузвельтке 23.610.587 дауыс, Дьюнге 20.743.268 дауыс берілді.

Дауыс берудің нәтижелері, Рузвельт 409 сайлаушысы бар 35 штатта алда келеді, ал Дьюн 122 сайлаушысы бар 13 штатта алда келеді.

НЬЮ-ЙОРК штатында әскери қызметкерлер берген дауыстардың 72 проценті Рузвельтке берілгендігі бүгін анықталды. Алдын-ала деректер бойынша, дауыс беруге 50 миллиондай адам қатысқан.

Дауыс беру нәтижелерінің толық қорытындысы әлі шығарылған жоқ.

### РЕДАКЦИЯДАН

Газетіміздің 8 ноябрьдегі санында жарияланған, Сталин жолдасының баяндамасының үшінші беттегі жалғасының жоғарыдан санағанда екінші абзацы: «Жаңа соғысты тілемейтіндіктен» деп бастап, аржағын тект бойынша оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

## 1944 жылғы 6 октябрьден 6 ноябрьге дейінгі шабуыл ұрыстары кезінде дүшпанның шығыны және 2-Украин майданы әскерлерінің жаудан түсірген олжасы

2-Украин майданының әскерлері былайғы 6 октябрьден 6 ноябрьге дейінгі шабуыл ұрыстары кезінде дүшпанды адам күші және техника жағынан мынадай шығынға ұшыратты:

Жаудың 416 самолеті, 900ден аса танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, түрлі калибрлі 1450 зеңбірегі, 790 минометі, 420 бронемашинасы мен бронетранспортері, 3000 автомашинасы, 30 паровозы, 55 темір жол эшелоны, 750 темір жол вагоны, жүк тиеген 40 баржасы, 10 кемесі, 8 бронепоезды жойылды.

Дүшпан тек өлдідей ғана 100 мыңнан аса солдатты мен офицерінен айырылды.

Осы уақыттың ішінде 2-Украин майданының әскерлері жаудан мынадай олжа: 386 самолет, 138 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, түрлі калибрлі 856 зеңбірек, 680 миномет, 1795 пулемет, 49 бронемашинаны мен бронетранспортер, 953 автомашинаны, 129

паровоз, 42 темір жол эшелоны, 5660 темір жол вагоны, 2 бронепоез, жүк тиеген 24 баржа, оқ-дәрі, қару-жарақ және басқа соғыс мүлкі қойған 286 склад қолға түсірді.

Немістер мен венгрлердің 42.160 солдаты мен офицері қолға түсірілді.

Сонымен, 2-Украин майданы әскерлерінің Трансильвания және Венгрия жерінде жүргізген шабуыл ұрыстарының нәтижесінде дүшпанның соғыс техникасының негізгі түрі мен адам күші жағынан шығыны мынадай болды: жаудың 142.160 адамы қолға түсірілді, өлтірілді, дүшпан 302 самолетінен, 1.038 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегінен, әр түрлі калибрлі 2.306 зеңбірегінен, 1.470 минометінен, 469 бронемашинасы мен бронетранспортерінен, 3953 автомашинаны айырылды.

### СОВЕТ ХАБАРШЫ БҮРОСЫ

## Сблысымызды барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, комбайншылары мен тракторшыларына

### Совет ауданының Киров атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің хаты

Ұлы Октябрінің 27 жылдығын лайықты қарсы алу үшін әзірлене отырып, біз Украин егіншілерінің үлгісі бойынша, астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау және Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыру жөнінде социалистік жарысқа қосылдық. Колхозшымыз астық тапсыру жөнінде мемлекетпен октябрь айының өзінде есеп айырысып, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 600 пұт астық тапсырды.

Дегенмен біз мұнымен тынғанымыз жоқ. Сөйтіп Октябрь мерекесіне тарту ретінде өз қорымыздан 720 пұт астық тапсырдық.

Колхозшы жолдастар, Қызыл Армияның астық қорын жасау ісіне қатысуға бийыл ауыл-селонның әрбір еңбекшісінің толық мүмкіншілігі бар деп ойлаймыз және барлық колхозшыларды, колхозшы әйелдерді, МТС пен совхоздардың қызметкерлерін бізден үлгі алуға шақырамыз.

Біз кемеңгер көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жолдасының Ұлы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасы мен бұйрығын зор ықпалмен тындадық. Колхозшы шаруалардың еңбектегі ерлік істеріне Сталин жолдасының жоғары баға беруі—біз үшін зор награда.

Сталин жолдас Қызыл Армия алдына—фашист аюанды оның өз үңгірінде бір-жолата жойып, Берлин үстіне жеңіс туын тигу жөнінде тарихи міндет қойды. Бұл тарихи міндетті орындауда Қызыл Армияға көмектесуден күшімізді де, қаржымызды да аямаймыз деп, колхозшы жолдастар Сіздерге серт береміз. Мұнымен қатар, егін шаруашылығының әрбір қызметкерін еңбек майданында аянбай жұмыс істеп, майданымыздың астық қорын молайту ісіне белсене қатысумен совет жауынгерлерінің Берлин үстіне жеңіс туын тезірек тігуіне және совет қаруының жеңімпаздық даңқын арттыра беруге көмектесуге шақырамыз.

Жолдастар, колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері! Туысқан Қызыл Армиямызға астықты көп берейік!

Барлығы майдан үшін, барлығы жауды біржолата жою үшін!

Колхозшылардың тапсыруы бойынша хатқа қол қойғандар: колхоз председателі **МҮСІР ӘЛИНОВ**, колхозшылар **НҰРЫШОВ**, **ҚАСЫМХАНОВА**, бес жауынгердің әкесі **ПИЛИПЕНКО** егін бригадасының бригадирі **ӘБЖАНОВ** тағы басқалар.